

ҒТАР 16.00.81

Ғылыми мақала

Д. Сатемирова, А. Чакиртова**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.,
Қазақстан**(E-mail: *ayazhan-chakirtova98@mail.ru)***Өзен – өмір концептісі: «Атау кере» повесін оқытудағы ұлттық таным**

Аңдатпа. Бұл мақалада Оралхан Бөкейдің «Атау кере» повесіндегі өзен бейнесі «өмір концептісі» тұрғысынан қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – көркем мәтіндегі өзен образын ұлттық дүниетаныммен байланыстыра талдау және оны оқыту әдістемесін ұсыну. Мақалада өзен тек табиғат элементі емес, адам өмірі, тағдыры және рухани болмысымен сабақтас символдық бейне ретінде сипатталады. Қазақ халқының дәстүрлі танымындағы «Жер-Су» ұғымы арқылы табиғаттың киелі мәні ашылып, оның көркем шығармадағы көрінісі талданады. Сонымен қатар, өзен бейнесінің философиялық, психологиялық және танымдық қырлары қарастырылып, адам мен табиғаттың біртұтас жүйе екендігі дәлелденеді. Зерттеу барысында когнитивтік талдау, мәтіндік интерпретация және салыстырмалы әдістер қолданылды. Нәтижесінде, «өзен – өмір» концептісі оқушылардың дүниетанымын кеңейтетін маңызды құрал екені анықталды. Ұсынылған әдістер әдеби шығарманы терең түсінуге және ұлттық құндылықтарды меңгертуге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: Оралхан Бөкей шығармашылығы, өзен концептісі, ұлттық дүниетаным, көркем бейне, әдеби талдау, оқыту әдістемесі

DOI: <https://doi.org/10.71078/0ze04494>

Түсті: 18.02.2026; Мақұлданды: 27.03.2026; Онлайн қолжетімді: 04.04.2026.

Кіріспе

Қазіргі қазақ әдебиетін оқыту үдерісінде көркем шығарманы тек мазмұндық тұрғыдан меңгерту жеткіліксіз, оның астарындағы ұлттық дүниетанымды, философиялық мәнді және концептуалдық құрылымды ашу маңызды міндеттердің қатарында тұр. Табиғат пен адам болмысының өзара байланысын көркем мәтін арқылы таныту – әдеби білім берудің өзекті бағыттарының бірі. Әсіресе қазақ халқының дәстүрлі танымында табиғат құбылыстары, соның ішінде су мен өзен ерекше рухани-символдық мәнге ие.

Оралхан Бөкейдің «Атау кере» повесі – табиғат пен адам қатынасын, өмір мен тағдыр мәселесін терең философиялық деңгейде бейнелейтін туынды. Бұл шығармада өзен бейнесі тек табиғат көрінісі ретінде емес, өмірдің, уақыттың, тағдырдың көркемдік моделіне айналған концептуалды образ ретінде көрінеді. Алайда мектеп тәжірибесінде аталған шығарма көбіне мазмұндық деңгейде оқытылып, оның ұлттық дүниетанымдық қырлары жеткілікті деңгейде ашылмай келеді. Осыған байланысты «өзен – өмір концептісі» тұрғысынан талдау қажеттілігі туындайды.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі – көркем мәтіндегі табиғат бейнесін ұлттық дүниетаныммен байланыстыра отырып, оны оқытудың жаңа әдістемелік тәсілдерін

айқындаумен анықталады. Сонымен қатар, бұл мәселе қазіргі әдебиеттанудағы когнитивтік бағытпен де сабақтас келеді, себебі көркем бейне арқылы адам санасында белгілі бір концепт қалыптасады. Осы тұрғыдан алғанда, «Атау кере» повесіндегі өзен бейнесін «өмір концептісі» ретінде қарастыру – ғылыми тұрғыдан да, әдістемелік тұрғыдан да маңызды.

Ғылыми зерттеулерде Оралхан Бөкей шығармашылығы әр қырынан қарастырылғанымен, оның шығармаларындағы табиғат бейнесін, әсіресе өзен образын ұлттық таным және когнитивтік талдау негізінде кешенді түрде зерттеу жеткіліксіз деңгейде. Бұл зерттеу нысанының жаңалығын және ғылыми мәселенің толық шешімін таппағанын көрсетеді.

Зерттеу нысаны – Оралхан Бөкейдің «Атау кере» повесіндегі көркемдік жүйе.

Зерттеудің мақсаты – «Атау кере» повесіндегі өзен бейнесін «өмір концептісі» ретінде талдап, оның ұлттық дүниетаныммен байланысын анықтау және оны оқытудың тиімді әдістемелік жолдарын ұсыну.

Осы мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттер қойылады:

- шығармадағы өзен бейнесінің көркемдік ерекшеліктерін анықтау;
- өзен образының философиялық және танымдық мәнін талдау;
- «өзен – өмір» концептісінің мазмұнын айқындау;
- ұлттық дүниетаныммен байланысын көрсету;
- осы негізде оқыту әдістемесін ұсыну.

Зерттеуде әдебиеттану теориясы, когнитивтік әдеби талдау және мәтіндік интерпретация әдістері қолданылды. Сонымен қатар салыстырмалы талдау, концептуалдық жүйелеу әдістері пайдаланылды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Қазақ халқының табиғатқа қатысты дүниетанымы тек тұрмыстық деңгейде емес, терең рухани-мифологиялық негізде қалыптасқан. Бұл жөнінде халық арасында сақталған «Жер-суды қадірле», «Жерін жерлеп, суын сулап отырмыз» сияқты даналық сөздердің өзі табиғатқа деген құрметтің айқын дәлелі. Қазақ ежелден жер мен суды тек материалдық игілік көзі емес, киелі, иесі бар құбылыс ретінде қабылдаған. «Жердің де, судың да иесі, киесі болады» деген түсінік – ұлттық танымдағы табиғаттың сақралды мәнін көрсетеді.

«Қазақ халқының табиғат мінажаты және емдеу магиясы» атты еңбегінде Ә. Төлеубаев былай деп пікір білдіреді: «Қазақ ежелден жайлаған жерінің, сулаған суының қадірін білген. Жердің де, судың да иесі, киесі болады деп сенген. Жер-Су ұғымы түркі халықтарына ортақ дүние. Бұл құдірет қырғыздар мен алтайлықтардың Йер-Су, татарлардың Йорт иясе, башқұрттардың Юрт эяси немесе Иорт эйяхе, құмықтардың Сув анасы, қарақалпақтардың Су анасы, чуваштардың Йерех, хакастардың Шерсуг және якуттардың Иччи атты мифтерінен анық байқалады» (Төлеубаев, 2013:26). Қазақ дүниетанымындағы «Жер-Су» ұғымының тек ұлттық деңгейде ғана емес, кең ауқымды түркілік мәдени-танымдық кеңістікте орныққан әмбебап концепт екендігі айқын. Яғни, жер мен суды киелі деп тану, олардың «иесі», «киесі» бар деп қабылдау – түркі халықтарына ортақ архетиптік түсінік. Бұл ұқсастық кездейсоқ емес, ол түркі жұрттарының тарихи, мәдени және рухани бірлігінен туындайды.

Осы ұлттық дүниетаным Оралхан Бөкейдің «Атау кере» повесінде көркемдік тұрғыдан жаңаша сипат алып, өзен бейнесі арқылы «өмір концептісіне» ұласады. Жазушы өзенді тек табиғат элементі ретінде емес, адам тағдырымен, рухани болмысымен сабақтас күрделі символдық образ ретінде бейнелейді. Демек, шығармадағы өзен бейнесін ұлттық таным негізінде талдау оның көркемдік және философиялық мазмұнын терең түсінуге мүмкіндік береді. Жазушы повестің алғашқы тарауында «Алтайдың

күміс шашбауындай ирелеңдей аққан Бұқтырма өзені» деп бейнелеу арқылы өзенді тек географиялық нысан ретінде емес, ұлттық таныммен сабақтас көркем образ деңгейіне көтереді.

Аталған тіркесте «күміс шашбауындай» деген теңеу ерекше назар аудартады. Қазақ мәдениетінде шашбау – әсемдік пен нәзіктіктің, ұлттық болмыстың белгісі. Осы арқылы автор өзеннің сыртқы көрінісін ғана емес, оның эстетикалық, мәдени-символдық сипатын да қатар ашып береді. Ал «ирелеңдей аққан» деген тіркес өзен қозғалысының табиғи ағысын, өміршеңдігін, үздіксіз өзгеріс үстіндегі қалпын білдіреді. Бұл – өзенді «өмір» ұғымымен астастыра бейнелеудің көркем тәсілі.

Сонымен қатар бұл пейзаждық сурет Алтай өңірінің табиғатын нақты әрі әсерлі таныта отырып, шығармадағы кеңістік концептін қалыптастырады. Бұқтырма мен «Қатын суы» сияқты өзен атаулары тек топонимдік қызмет атқарып қоймай, ұлттық дүниетанымдағы киелі жаратылыс белгісі ретінде көрінеді. Яғни, табиғат пен адам өмірі біртұтас жүйе ретінде қабылданады.

«Күннің аптабы Алтайдың бұлақ суларын жылыта алмас еді. Әр шақырым сайын таудың құзар басынан сарқырай құлап, Бұқтырмаға құяр бұлақ бастауын қардан алатындықтан да, жаздың жуан ортасында тісімізді зыр еткізер суықтығын сақтап қалатын. Омарташы жігіт мұздай сумен ыстықтан барбия бастаған бетін сипап, дәреттегендей қайта-қайта қуаттана жуды. Қара судың ортасында рақаттанған көкбесті мен иесі жолсоқты ұзақ жүрістен соң, қалжаланғандай тәтті бір әсерге еніп еді» (Бөкей, 2013:5,6). Үзіндіде су адамның тек тәнін емес, жан дүниесін де сергітетін күш ретінде көрінеді. Кейіпкердің мұздай сумен қайта-қайта жуынуы оның бойындағы әлсіздікті, шаршауды сейілітіп қана қоймай, рухани тұрғыдан жаңаруын білдіреді. Бұл қазақ дүниетанымындағы судың тазартушы, емдік қасиетіне негізделген түсініктің көркем бейнесі. Яғни, су – жаңару мен қайта түлеудің символы.

Қазақ халқы табиғатты жансыз құбылыс ретінде емес, тірі әрі қасиетті жүйе ретінде қабылдаған. Бұл көзқарас оның рухани мәдениеті мен дүниетанымынан айқын көрінеді. Осы тұрғыдан алғанда, мына тұжырым өзекті: «Көне наным-сенімдерге жүгінсек, дүниеде тәңірінің «құдіреті» жүрмейтін жанды, я жансыз зат жоқ. Ай, күн, жұлдыз, тау, тас, өзен, суға тәңірінің киесі, рухы дарыған. «Иттің иесі болса, бәрінің тәңірісі бар» дейді қазақ. Тәңірі – бүкіл өмірдің алтын арқауы, болмыс жаратылысы. Демек, қазақтың дәстүрлі таным-түсінігі, рухани әлемі қолдан жасалған киелі орталықтарға табынуды қажет етпеген» (Ақатаев, 1990:39).

Табиғаттағы барлық құбылыстың (ай, күн, өзен, су) «киесі», «рухы бар» деп қабылдануы әлемді тұтас, жанды жүйе ретінде танудың белгісі. Яғни, адам мен табиғат арасында шекара жоқ, керісінше олар біртұтас болмыстың бөліктері ретінде қарастырылады. «Тәңірі – бүкіл өмірдің алтын арқауы» деген тұжырым бұл жүйенің өзегін анықтайды: табиғат – қасиетті, ал адам – сол қасиетті кеңістіктің ішінде өмір сүретін тіршілік иесі. Сондықтан қазақ танымында табиғатты бағындыру емес, онымен үйлесімде өмір сүру басты қағида болған.

Өзен бейнесі арқылы жазушы өмір ағысын, мінез қайшылығын және тұлғаның орта әсерімен өзгеруін ықшам әрі әсерлі түрде жеткізеді: «Міне, сол Қатын суына Тихой (Тихая) өзені келіп құятын. Осы бір шағын өзеннің ерекшелігі сол, Алтайдан мұқым өзен күнбатысқа бет алса, «Тихой» керісінше терең сайды қуалап күншығысқа ағатын. Өрге қарай аққан өзен тоқтап тұрған су секілді толқынсыз, айғай-шусыз, жым-жырт жатар еді. Бәлкім, сондықтан да «Момақан» деп атап кеткен секілді. Қатынға құйған Момақанның мөлдір суы біразға дейін ашулы өзеннің аққұла суына қосылмай, түсін бұзбастан қатарласа – жағаласа ағып барып, күштінің ырқына көнгендей өз бояуынан, өз келбетінен, өз тағдырынан айырылатын жарықтық» (Бөкей, 2013:22).

Тихой өзенінің өзгеше бағытта ағуы – даралықтың, қалыптан тыс болмыстың белгісі

ретінде көрінеді. «Өрге қарай аққан өзен тоқтап тұрған су секілді толқынсыз, айғайшусыз, жым-жырт жатар еді» деген сипаттамада эпитеттер мен теңеу арқылы өзеннің «момақан», жуас мінезі ашылады. Бұл – табиғатқа адамға тән қасиет дарыту арқылы жасалған кейіптеу. Осы арқылы автор өзенді тірі бейне деңгейіне көтеріп, оны адам мінезімен астастырады. «Момақан» атауының берілуі де кездейсоқ емес, ол – ұлттық танымдағы сабырлылық, жуастық, ішкі тұйықтық сияқты қасиеттердің көркем баламасы.

Үзіндінің ең терең философиялық қабаты соңғы сөйлемде көрінеді: «Қатынға құйған Момақанның мөлдір суы... күштінің ырқына көнгендей өз бояуынан, өз келбетінен, өз тағдырынан айырылатын жарықтық». Мұнда өзендердің қосылуы арқылы өмірлік, әлеуметтік және рухани заңдылық бейнеленген. «Ашулы өзен» мен «момақан өзеннің» қарама-қарсылығы – мінездер қақтығысын, күш пен әлсіздіктің арақатынасын білдіреді. Әлсіз ағынның біртіндеп өз болмысынан айырылуы – адамның да орта ықпалымен, қоғам қысымымен өзінің табиғи болмысын жоғалтуын меңзейді. Мұнда табиғи құбылыс арқылы адам тағдырының заңдылығы ишараланады.

Оралхан Бөкей табиғатты бейнелеуде ерекше поэтикалық тіл мен дыбыстық әсерге негізделген тәсілдерді шебер қолданады. Өзеннің үні мен қозғалысы арқылы тіршілік тынысын сезіндіреді. Бұл көркемдік ерекшелік төмендегі үзіндіде айқын көрінеді: «Қатын суының гүрілі осы өңірдің ешқашан толастамас музыкасы секілді еді. Зейін қоймай тыңдаған адамға тек жалғыз-ақ әуенмен құлақты тұндыра шуылдағанымен, сан түрлі ғажап үн шығаратын; айталық, көктем туып, ақ жал толқындарын аспанға лақтыра тасығандағы арқыраған даусын қазіргі тамылжыған тамыздағы орташа екпінмен аққан сырылына ұқсатуға бола ма; ол, күз туа, жуасып қоңыр әуенге басса, қыс айында қысыла қыңсылаған күбір-сыбырға көшетін. Бұл өзен қандай қатты аязда қатып көрген жоқ, тек жағалауындағы суға тағзым ете бас иіп, тамырына ілініп малынып жататын ағаштар мен жардың жиегі ғана мұз моншақ тағынып, жылт етіп күннің көзі шықса, қыз өңіріндегі маржандай жылтырайтын. Қатын суының ағыс үніне үйренген адам басқа жерге барса, түн баласында өзеннің гүріліне үйреніп алғаны сонша, көз ілмеуші еді» (Бөкей, 2013:23).

Қатын суының «ешқашан толастамас музыкасы» ретінде берілуі – өзенді тіршілік ырғағымен теңестірудің көркем тәсілі. Мұнда өзен үні жыл мезгілдеріне қарай өзгеріп отыратын тірі құбылыс ретінде сипатталады: көктемдегі «арқырау», жаздағы «сырыл», күздегі «қоңыр әуен», қыстағы «күбір-сыбыр» – табиғаттағы уақыт айналымының дыбыстық бейнесі. Бұл – өзенді өмірдің үздіксіз қозғалысымен, кезеңдік өзгерісімен астастырудың айқын көрінісі.

Сонымен қатар, өзеннің «ешқашан қатып көрмегені» оның мәңгілік қозғалыстағы, тоқтаусыз тіршілік иесі іспетті екенін аңғартады. Ал жағалаудағы ағаштардың «бас иіп», мұздың «маржандай жылтырауы» табиғатқа тән эстетикалық және киелі сипаттарды біріктіріп көрсетеді. Мұнда табиғатқа жан бітіре бейнелеу арқылы ұлттық дүниетанымдағы «табиғат – тірі жүйе» деген ұғым көркем түрде ашылған.

Үзіндінің соңындағы «өзен үніне үйренген адам» деталі ерекше маңызды. Бұл – табиғат пен адам арасындағы рухани үйлесімнің белгісі. Адамның тыныштығы, ішкі тепе-теңдігі табиғат ырғағымен байланыста беріледі, яғни өзен үні – өмір ырғағы, тіршілік тынысы ретінде қабылданады.

Өзен бейнесі арқылы жазушы өмірдің өзі сияқты қарама-қайшылыққа толы табиғатты танытады: ол әрі тартады, әрі қорқытады. Табиғат пен адам сезімі бір арнада тоғысады. Бұл тұжырым төмендегі үзіндіде көрініс табады: «Қатын суы қаншалықты қазымырлана бұлқынғанмен, соншалықты сұлу еді. Сайқал... Жек көре тұрып, есіңнен жаңылып еріксіз ғашық боласың... жақындасаң ажал бүріккен ақ жал толқыннан шошынасың әрі құмарпаз құштарлықпен жақсы көресің. Сұп-суық суынан тісіңнің сырқырағанына қарамай қомағайлана жұтасың. Әлгінде ғана үнді шайына қанғанына қарамастан, Айна да уысын толтыра жұтып-жұтып жіберген. Әйелінің осы бір әдетін

Ерік қойдыра алмай-ақ қойды. Не ішіп, не жесе де, өзенге қарай тура жүгірер еді, өзен суынан бір ұрттамай, шөлі де, құмары да қанбас-ты» (Бөкей, 2013:29).

Берілген үзіндіде Оралхан Бөкей өзен бейнесін күрделі психологиялық және философиялық мазмұнға ие көркем образ ретінде ашады. «Қатын суы қаншалықты қазымырлана бұлқынғанмен, соншалықты сұлу еді» деген жолдарда бірден қарама-қайшылыққа құрылған сипат байқалады. Мұнда өзен бір мезетте әрі қатал, әрі тартымды құбылыс ретінде көрінеді. Бұл – антитеза тәсілі арқылы жасалған көркемдік шешім.

«Сайқал... Жек көре тұрып, есіңнен жаңылып еріксіз ғашық боласың» деген тіркестерде өзенге адамдық қасиет дарытылып, кейіптеу арқылы оның мінезі ашылады. «Сайқал» сөзі арқылы өзеннің алдамшы, өзіне тартатын, бірақ қауіп төндіретін табиғаты бейнеленеді. Бұл – табиғаттың екіжақты болмысын, яғни сұлулық пен қатердің қатар жүретінін көрсетеді.

Үзіндіде адамның өзенге деген қатынасы физиологиялық деңгейден асып, психологиялық тәуелділікке ұласады. Айна бейнесі арқылы бұл құбылыс нақты ашылады: оның өзен суын қайта-қайта ішуі тек шөлді басу емес, табиғатпен ішкі байланысқа ұмтылу, өз болмысымен қайта үндесу әрекеті. Бұл жерде су тіршіліктің көзі ғана емес, адамды өз болмысына жақындататын рухани күш ретінде көрінеді.

Сонымен қатар мәтінде сезімдік контраст айқын байқалады: «шошынасың әрі құмарпаз құштарлықпен жақсы көресің» деген жолдар адам психологиясындағы үміт мен үрейдің қатар жүретінін көрсетеді. Бұл экзистенциалдық деңгейдегі қабылдау, яғни адам өмірдің өзіне де дәл осылай қарайды: одан қорқады, бірақ сонымен бірге оған ұмтылады.

Оралхан Бөкейдің «Атау кере» повесін мектепте оқыту барысында шығарманы тек мазмұндық деңгейде меңгертумен шектелмей, оның астарындағы ұлттық дүниетанымдық, философиялық мазмұнын ашу маңызды. Әсіресе шығармадағы өзен бейнесін «өмір концептісі» ретінде қарастыру оқушылардың мәтінді терең түсінуіне мүмкіндік береді. Мұндай бағыттағы оқыту оқушының табиғат пен адам болмысының өзара байланысын саналы түрде ұғынуына, көркем бейне арқылы өмір заңдылықтарын пайымдауына жол ашады.

А. Дүйсенбаев педагогика оқулығында былай тұжырым келтіреді: «Қоғамның, ойлаудың, табиғаттың даму заңдылықтары және мәнін түсіндіруші дүниетаным идеяларының жиынтығы оқушылардың дүниетанымында көзқарас, сенім, ұсыныс, болжам, аксиома, жетекші идеялар, әртүрлі жаратылыс және қоғамдық үдерістерді, құбылыстарды түсіндіретін, ғылыми негізін құраушы сол және басқа ғылымның нақты ұғымдары ретінде бейнеленеді» (Дүйсенбаев, 2018:42). Осы пікірге сәйкес дүниетанымның оқушы санасында тек теориялық ұғымдар жиынтығы емес, қоршаған ортаны, табиғатты және қоғамды тұтас қабылдаудың ғылыми негізі ретінде қалыптасатынын көрсетеді. Яғни дүниетаным арқылы оқушы әртүрлі құбылыстардың мәнін түсініп қана қоймай, өз көзқарасын, сенімін және өмірлік ұстанымын қалыптастырады. Бұл – білім берудің тек ақпараттық емес, тұлғалық және құндылықтық сипатын айқындайтын маңызды фактор.

Мұғалімнің рөлі ерекше маңызды: ол тек білім беруші емес, оқушының көркем мәтінмен «кездесуін» ұйымдастырушы, бағыттаушы тұлға болуы қажет. Сондықтан мұғалім әр сабақта тиімді әдіс-тәсілдерді іріктеп, оларды мақсатқа сай жүйелі қолдануы тиіс. Әсіресе Оралхан Бөкейдің «Атау кере» сияқты терең философиялық туындыларын оқытуда мәтінді сезіндіру, талдату, өмірмен байланыстыру тәсілдері басым қолданылғанда ғана оқушы шығарманың шынайы мәнін аша алады. Нәтижесінде оқушы көркем туындыдан әсер алып қана қоймай, оны өзінің дүниетанымымен байланыстырып, саналы түрде қабылдайтын деңгейге жетеді.

Көркем шығарманы оқытуда оқушының оны терең қабылдауы мен ішкі сезім арқылы түсінуі негізгі шарттардың бірі. Академик Қ.Бітібаева әдебиет сабағында

шығарманы меңгерудің мәнін айқындай отырып былай дейді: «Әдебиет сабағындағы ең басты жұмыстардың біріне оқушылардың көркем туындыны қабылдауы, одан әсер алуы, көркем туындыны бүкіл бітім-болмысымен түсіне білулері жатады. Яғни мұғалім осы мақсатпен ізденуі керек, осы мақсатта оны жүзеге асырудың ең тиімді деген әдіс-тәсілдерін сұрыптай отырып, пайдалануы керек» (Бітібаева, 1997:13).

Осы тұрғыдан алғанда, мұғалімнің рөлі ерекше маңызды. Ол тек білім беруші емес, оқушының көркем мәтінмен «кездесуін» ұйымдастырушы, бағыттаушы тұлға болуы қажет. Сондықтан мұғалім әр сабақта тиімді әдіс-тәсілдерді іріктеп, оларды мақсатқа сай жүйелі қолдануы тиіс. Әсіресе Оралхан Бөкейдің «Атау кере» сияқты терең философиялық туындыларын оқытуда мәтінді сезіндіру, талдату, өмірмен байланыстыру тәсілдері басым қолданылғанда ғана оқушы шығарманың шынайы мәнін аша алады. Нәтижесінде оқушы көркем туындыдан әсер алып қана қоймай, оны өзінің дүниетанымымен байланыстырып, саналы түрде қабылдайтын деңгейге жетеді.

Әдебиет сабағында оқушылардың көркем туындыны терең қабылдауын қамтамасыз ететін талдау, интерпретация, салыстыру және рефлексия әдістерін кешенді қолдану тиімді нәтиже береді. Әсіресе шығарманың көркемдік әлемін сезіндіруге бағытталған шығармашылық тапсырмалар мен өмірмен байланысты талдау түрлері оқушының мәтінді саналы меңгеруіне ықпал етеді. Мұндай тәсілдер оқушылардың тек білімін емес, олардың рухани-танымдық дамуын да қамтамасыз етеді:

1. «Менің өлкемдегі сырлы өзен» (шығармашылық-рефлексивті әдіс)

Мақсаты: Оқушылардың әдеби туындыдағы табиғат бейнесін өз көзқарасы тұрғысынан интерпретациялауын дамыту; көркем тілде жазу дағдысын жетілдіру; туған өлке табиғатын бағалай білуге тәрбиелеу.

Тапсырма: Оқушыларға туған өлкесіндегі өзенді (мысалы, Іле өзені) негізге ала отырып, 60–70 сөз көлемінде қысқаша ойтолғау жазу ұсынылады. Жазылым барысында оқушылар көркем тілдік құралдарды (эпитет, теңеу, метафора) қолдануы тиіс және табиғат пен адам арасындағы байланысты өз көзқарасы негізінде жеткізуі қажет.

Көмекші сөздер мен тіркестер: мөлдір ағыс, күміс толқын, сыңғырлаған су, тіршілік көзі, жанға тыныштық, табиғаттың тынысы, өмір арнасы, сырлы өзен, тыныштық мекені, жүрекке жақын өлке

Оқушының жауап үлгісі: Іле менің туған өлкемнің тынысы секілді. Оның мөлдір ағысы күн сәулесіне шағылысып, күміс толқындай жарқырайды. Суының сыңғыры адам жанына тыныштық сыйлайды. Бұл өзен тек табиғат көрінісі емес, өмірдің жалғасы сияқты. Кейде оған қарап, адам да өз өмірінің ағысымен үндес екенін сезінеді. Сондықтан Іле – мен үшін тек өзен емес, туған жердің жүрегі.

2. «Өзен бейнесі: поэзия мен прозадағы көркемдік және идеялық үндестік» (салыстырмалы-аналитикалық әдіс)

Мақсаты: Оқушылардың әдеби шығармаларды жанрлық тұрғыдан салыстыра талдау дағдысын дамыту, Б.Алтынсариннің «Өзен» өлеңі мен О.Бөкейдің «Атау кере» повесіндегі өзен бейнесін салыстыру арқылы көркемдік құралдарды, авторлық идеяны анықтау, өзіндік көзқарасын дәлелді жеткізуге үйрету.

Оқушының жауап үлгісі:

<i>Критерий</i>	<i>Б.Алтынсарин «Өзен»</i>	<i>О.Бөкей «Атау кере»</i>
<i>Жанры</i>	Поэзия жанры (өлең). Ой қысқа, ұйқас арқылы беріліп, тәрбиелік сипатта жазылған.	Проза (повесть). Оқиға, кейіпкер психологиясы арқылы терең мағына ашылады.
<i>Идеясы</i>	Табиғат – тіршілік көзі. Өзеннің адамға пайдасын көрсетіп, табиғатты қадірлеуге үндейді.	Өзен – өмірдің символы. Адам тағдыры, ішкі қайшылық, өмірдің күрделілігі бейнеленеді.

<i>Көркемдік құралдары</i>	– теңеу: «айнадай сәуле беріп жарқыраған» (тазалық) – эпитет: «сарқыраған өзен»	– метафора: өзен – өмір – кейіптеу: «ашулы өзен», «момақан өзен» (мінез беру) – эпитет: «жым-жырт су», «арқыраған ағыс» – терең, символдық сипат
<i>Өзіндік көзқарас</i>	Өзен табиғаттың пайдалы көзі ретінде түсінікті берілген, тәрбиелік мәні басым.	Өзен өмірдің күрделі бейнесі ретінде ашылып, оқырманды терең ойға жетелейді.

3.«Өзен мінезі – адам болмысы» (құндылыққа бағдарланған). Бұл әдіс 11-сынып оқушыларының жас ерекшелігіне сай өзін-өзі тануын, тұлғалық рефлексиясын және ұлттық құндылықтарды саналы қабылдауын дамытуға бағытталады. Табиғат бейнесін адам мінезімен байланыстыру арқылы оқушы көркем мәтінді өмірлік тәжірибемен ұштастырады.

Мақсаты: Оқушылардың өз мінезін саралай білуін қалыптастыру; табиғат пен адам болмысының ұқсастығын түсіндіру; сабыр, мейірімділік, үйлесім сияқты ұлттық құндылықтарды саналы түрде меңгерту.

Тапсырманы ұйымдастыру: Мұғалім «Атау кере» повесіндегі өзендердің (момақан және ашулы) сипаттамасын қысқаша еске түсіріп, оқушыларға таңдау ұсынады: «Сен қай өзенге ұқсайсың? Неліктен?» Оқушылар өз таңдауын төмендегі үлгі бойынша негіздейді:

Оқушы жауабының қысқа үлгісі: «Мен момақан өзенге ұқсаймын, себебі сабырлы болуға тырысамын. Адамдарға зиян келтірмей, тыныш өмір сүргім келеді».

Педагогикалық толықтыру (маңызды кезең): Мұғалім соңында бағыттаушы сұрақ қояды:

«Қай мінез адамға пайдалы? Неге?» Бұл кезең оқушыны тек таңдауға емес, құндылықты саналы түсінуге жетелейді.

Нәтиже: Оқушы өз тұлғасын бағалайды, мінез ерекшелігін түсінеді; табиғат арқылы адам болмысын таниды; сабыр, мейірімділік, жауапкершілік сияқты рухани құндылықтарды меңгереді; табиғатпен үйлесімді өмір сүру идеясын қабылдайды.

4. «Философиялық ойды декодтау» (аналитикалық–интерпретациялық әдіс). Бұл әдіс оқушылардың күрделі мәтінді бөлшектеп түсінуіне, астарлы ойды ашуына және оны өз көзқарасымен байланыстыруына бағытталады. Әсіресе Тағанның табиғат туралы философиялық пайымын меңгертуде тиімді.

Мақсаты: Оқушыларға мәтіндегі философиялық ойды талдату арқылы табиғат пен адам болмысының арақатынасын түсіндіру; көркем мәтінді терең қабылдау дағдысын қалыптастыру; оқушының өзіндік пікірін дәлелді жеткізуіне мүмкіндік беру.

«Атау кере» повесінен үзінді: «Табиғат жаратқан алқам-салқам болмайды, ол – әмісе әдемі, әмісе сүймейді, әрі шыншыл, әрі ақылды, сондықтан да адамдар секілді қателеспейді. Табиғат – мәңгілік тірі, өтірік айтпауды, алдап-арбамауды табиғаттан үйрену керек, өйткені ОНЫҢ (табиғаттың) жүрегі таза. Табиғат бізді алдаған емес, тек өзімізді өзіміз ғана қан қақсатамыз, қан жоса қыламыз. Табиғат қате жібермейді, егер «ақымақты» дүниеге келтірсе, онда сол ақымақтың да бір нәрсеге қажет болатыны; Табиғатта АДАМНАН басқа артық нәсте жоқ, тек БІЗДЕР ғана жаратушының гармониялық берік байланыстағы тізбегіне кіре алмаймыз...».

Тапсырма (кесте арқылы): Оқушыларға Тағанның ойы ұсынылады. Олар мәтінді бөліктерге бөліп, әр ойдың мағынасын ашады.

Талдау кестесі (оқушылардың жауап үлгісімен:

Үзіндідегі ой	Автор не айтқысы келді?	Оқушы көзқарасы
«Табиғат кателеспейді»	Табиғат өз заңдылығымен мінсіз өмір сүреді	Менің ойымша, табиғатта бәрі өз орнымен, үйлесіммен жүреді. Ал адам сол үйлесімді бұзып алады. Сондықтан адам табиғаттан өмір сүрудің дұрыс жолын үйренуі керек деп ойлаймын.
«Табиғаттың жүрегі таза»	Табиғатта жалғандық жоқ, ол – шынайы	Табиғат ешқашан жасандылық танытпайды, ол әрқашан таза әрі шынайы. Ал адам кейде өз болмысынан алыстап кетеді. Сондықтан адам табиғаттан адалдық пен тазалықты үйренуі қажет.
«Адам үйлесе алмайды»	Адам табиғатпен байланысын жоғалтып жатыр	Қазіргі кезде адамның табиғаттан алыстап кеткені анық байқалады. Табиғатты ластау, оған зиян келтіру – осының дәлелі. Сондықтан адам табиғатпен қайта үйлесім табуы керек деп ойлаймын.

Бұл әдіс оқушылардың тек мәтінді түсінуін ғана емес, оны талдау, бағалау, өмірмен байланыстыру дағдыларын дамытады. Сонымен қатар оқушылардың сыни ойлау, рефлексия жасау және тұлғалық көзқарас қалыптастыру қабілеттері артады.

Жоғарыдағы әдісті заманауи білім беру талаптарына сай цифрлық платформалармен толықтыруға болады.

- Padlet арқылы оқушылар өз ойларын ортақ тақтада бөліседі;
- Canva арқылы «Табиғат пен Адам» инфографикасын жасайды;
- ChatGPT көмегімен сұрақ құрастырып, оны сыни тұрғыдан талдайды.

Ұсынылған тәсілдер оқушылардың цифрлық сауаттылығын арттырып, білімді өздігінен игеру дағдысын қалыптастырады.

Қорытынды

Жазушы шығармашылығындағы өмір шындығын бар қайшылығымен ашу ұстанымы оның көркемдік әлемінің негізгі өзегін құрайды. Осы тұрғыдан қарағанда, Оралхан Бөкейдің «Атау кере» повесіндегі өзен бейнесі де тек табиғат көрінісі емес, адам тағдыры мен өмірдің күрделі, қарама-қайшылыққа толы болмысын бейнелейтін терең символдық образ ретінде көрінеді. Өзеннің әртүрлі күйі арқылы адамның ішкі күйзелісі, рухани ізденісі және қоғаммен үйлесе алмау мәселелері көркем түрде ашылады.

Оралхантанушы Г.Балтабаеваның «Жазушы өмір шындығының нағыз қайшылықтарын бар толық мәнінде бейнелеуге тырысты. Ащы шындықты айта білу, әлеуметтік өмірдің келеңсіз жақтарын әшкерелеу, тазаруға, жаңарып-жаңғыруға шақыру сексенінші-тоқсаныншы жылдардың әдеби процесінде жетекші бағытқа айналса, Оралхан Бөкей сол бағытты ту етіп ұстады» деген пікірі осы ерекшелікті нақтылай түседі (Балтабаева, 2024:3). Яғни жазушы шығармаларындағы көркемдік шешімдер өмір шындығын боямасыз жеткізуге негізделген .

Осы бағыттағы туындыны оқыту барысында талдау, интерпретация және салыстыру тәсілдерін ұтымды қолдану оқушылардың мәтінді терең түсінуіне, өмір құбылыстарын көркем бейне арқылы пайымдауына мүмкіндік береді. Нәтижесінде оқушы көркем шығарманы тек оқу нысаны ретінде емес, өмірді танудың, өзін түсінудің маңызды құралы ретінде қабылдайды. Бұл өз кезегінде Г. Балтабаева атап көрсеткендей, әдебиеттің адамды тазаруға, жаңаруға жетелейтін рухани күш ретіндегі мәнін айқындайды.

Әдебиеттер тізімі

- Ақатаев, С. (1990). *Күн мен көлеңке: ғылыми-танымдық аңсар*. Алматы: Жалын.
Балтабаева, Г. (2024). *Оралхан шыңы: Көркем әдебиет*. Алматы: Керемет медиа.
Бөкей, О. (2013). *Шығармалары: Роман, повестер*. Алматы: Ел-шежіре.
Бітібаева, К. (1997). *Әдебиетті оқыту әдістемесі*. Алматы: Рауан.
Дүйсенбаев, А. (2018). *Педагогика*. Астана: Фолиант.
Төлеубаев, Ә. (2013). *Қазақ халқының табиғат мінажаты және емдеу магиясы (1-том)*. Алматы.

References

- Akataev, S. (1990). *Sun and shadow: A scientific and educational work*. Almaty: Zhalyn. [in Kazakh].
Baltabayeva, G. (2024). *The peak of Oralhan: Fiction*. Almaty: Keremet Media. [in Kazakh].
Bokey, O. (2013). *Works: Novels and short stories*. Almaty: El-shezhire. [in Kazakh].
Bitibayeva, K. (1997). *Methods of teaching literature*. Almaty: Rauan. [in Kazakh].
Duisenbayev, A. (2018). *Pedagogy*. Astana: Foliant. [in Kazakh].
Toleubayev, A. (2013). *Nature worship and healing magic of the Kazakh people (Vol. 1)*. Almaty. [in Kazakh].

D. Satemirova, A. Chakirtova

Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

(E-mail: ayazhan-chakirtova98@mail.ru)

The Concept of “River as Life”: National Worldview in Teaching the Novella “Atau Kere”

Abstract. This article explores the image of the river in Oralhan Bokei’s novella “Atau kere” from the perspective of the life concept. The aim of the study is to analyze the symbolic meaning of the river within the framework of national worldview and to propose effective teaching methods. In the literary work, the river is not merely a natural element but a conceptual image reflecting human life, destiny, and spiritual existence. The traditional Kazakh concept of “Zher-Su” reveals the sacred significance of nature and its artistic representation. The study examines philosophical, psychological, and cognitive dimensions of the river image. Methods such as cognitive analysis, textual interpretation, and comparative analysis were applied. The findings demonstrate that the “river as life” concept enhances students’ worldview and deepens literary comprehension. The proposed teaching strategies contribute to the development of critical thinking and the assimilation of national values through literature.

Keywords: the works of Oralhan Bokey, the river concept, national worldview, artistic image, literary analysis, teaching methodology.

Д. Сатемирова, А. Чакиртова

Казахский национальный педагогический университет имени Абая,

г. Алматы, Казахстан

(E-mail: ayazhan-chakirtova98@mail.ru)

Концепт «река – жизнь»: национальное мировоззрение в преподавании повести «Атау кере»

Аннотация. В статье рассматривается образ реки в повести Оралхана Бокея «Атау кере» с позиции концепта жизни. Цель исследования – проанализировать художественный образ реки в контексте национального мировоззрения и предложить эффективные методы его преподавания. Река в произведении представлена не только как природный объект, но и как символ жизни, судьбы и духовного состояния человека. Через традиционное казахское представление о «Жер-Су» раскрывается сакральное значение природы и его отражение в художественном тексте. Особое внимание уделяется философским, психологическим и когнитивным аспектам образа реки. В работе применены методы когнитивного анализа, текстовой интерпретации и сравнительного исследования. Результаты показывают, что концепт «река – жизнь» способствует развитию мировоззрения учащихся и углубляет понимание литературного произведения. Предложенные методические подходы направлены на формирование национальных ценностей и развитие аналитического мышления учащихся.

Ключевые слова: творчество Оралхана Бокея, концепт реки, национальное мировоззрение, художественный образ, литературный анализ, методика преподавания..

Авторлар туралы мәлімет:

Сатемирова Д.А. – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан.

Чакиртова А.Н. – магистр, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан.

Information about authors:

Satemirova D.A. – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

Chakirtova A.N. – Master’s degree holder, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

Сведения об авторах:

Сатемирова Д.А. – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан.

Чакиртова А.Н. – магистр, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан.



Бұл жұмыс Creative Commons Attribution-Коммерциялық Емес 4.0 Халықаралық лицензиясы бойынша лицензияланған.
This work is licensed under Creative Commons Attribution-Noncommercial 4.0 International License